



«БЕКІТЕМІН»
МҚКК №13 «Гүлдер» бөбекжай
балабақшаның менгерушісі
М.А.Бибосынова
2021-2022 оқу жылы

Педагогикалық кеңестер

Мақсаты: Бағдарламалық міндеттерін игеру бойынша тәрбие және білім беру процесін жетілдіруге ықпал ету. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары бекіткен педагогикалық процесті ұйымдастыру ережелерін сақтау.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1 Педагогикалық кеңес	02.09.2021 ж.	Менгеруші: М.А.Бибосынова Әдіскер: Ш.С.Тунгатарова
	Тақырыбы: «Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі». Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру. 1. Балабақшаның жаңа оқу жылы үшін жылдық жоспарды, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту. 2. Топтарда санитария-эпидемиология талаптарының орындалуын, бала денсаулығын тексеру қорытындысына сараптама жасау. 3. Мектепке дейінгі жастағы балалардың мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Пікір алмасу 4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.		
2	№2 Педагогикалық кеңес	10.11.2021 ж.	Менгеруші: М.А.Бибосынова Тәрбиеші: Л.Галеева Медбике: З.К. Барболова Психолог: А.А. Исмаилова
	Тақырыбы: «Ел ертеңі –бүгінгі болашақ ұрпақ». Мақсаты: Балабақшадағы балалардың білім деңгейін көтеру. 1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. «Еңбек іс-әрекетіндегі баланың дамуы» Баяндама 3. Тәрбиешілердің жеке тұрғасын қалыптастыру жағдайлары 4. Тәрбиешілерге арналған «Іскерлік ойын»		

3	№3 Педагогикалық кеңес	05.01.2022ж.	Менгеруші: М.А.Бибосынова Ш.С.Тунгатарова Менгеруші: Тәрбиешілер А.Қарабаева
	Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы» 1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы. 2. «Рухани жаңғырудың жаңа жолы» Баяндама 3. Балалардың бейнелеу оқу қызметіне деген қызығушылық деңгейінің қалыптасуы 4. Жарты жылдық мониторинг 5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі		
4	№4 Педагогикалық кеңес	09.03.2022ж.	Менгеруші: М.А.Бибосынова Тәрбиеші: Медбике: З.К. Барболова
	Тақырыбы: «Балабақшадағы тілдік қатынастың маңызы». Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына ана тілін әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу 1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Балалардың тілі және сөлеу мәдениетінің арттыру сауалнама. 3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талдау.		
5	№5 Педагогикалық кеңес	11.05.2022ж.	Менгеруші: М.А.Бибосынова Педагогтаор, медбике Психолог: А.А. Исмаилова
	Тақырыбы: «2021-2022 оқу жылының қорытындылары ». Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу. 1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беру 3. Қорытынды мониторинг 4. Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту 5. Педагог-психологтың есебі Дөнгелек үстелі «Педагогикалық сандықша»		

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 02.09.2021ж.

Қатысқандар саны -
Менгеруші -
Әдіскер -
Тәрбиешілер

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшаның жаңа оқу жылы үшін жылдық жоспарды, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.
2. Топтарда санитария – эпидемиология талаптарының орындалуы, бала денсаулығын тексеру қорытындысына сараптама жасау.
3. Мектепке дейінгі жастағы балалардың мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру. Пікір алмасу.
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөз алды. Ол өз сөзінде педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2021 – 2022 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы орыс тілі маманы Ешматов Ерсалы болып сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер Ш. Тунгатарова 2021 - 2022 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде орыс тілі маманы Ешматов Ерсалыны сайлауды ұйғарды.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Бибосынова жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті.

2021 - 2022 оқу жылының жылдық жоспары 5 бөлімнен тұрады.

Балаларды сапалы біліммен саналы тәрбие беруде ұжым болып жылдық мақсаттарға жетуге ерінбей еңбек етеміз. Былтырғы жылдың мақсатына қарағанда өзгерістер бар. Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естен шығармаған.

Сонымен биылғы жылдық міндеттері:

Қатынас білім беру саласы:

Мазмұны сөйлеу қарым – қатынас қажеттілігін қалыптастыратын жағдайлармен, коммуникативті дағдыларын дамытуды, белсенді және пассивті сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, баланың байланыстырып сөйлеуін басқа білім салаларымен кіріктіру арқылы жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Ал мақсаты әлеуеттік – коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады.

Балаларды адамгершілік, Отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруда көркем шығармалар мен әңгімелерді пайдалануда жаңа технологияларды ендіру керек.

тәрбиенің басы. Алғашқы адамгершілік түсініктер, баланың мінез – құлық мен тәртібін қалыптастыруда мектепке дейінгі шақ ең жауапты кезең. Қарапайым іс – әрекеттер кезекшілік ету, өзін – өзіне қызмет ету, достарына көмектесу сияқты еңбек түрлерінің де маңызы көп. Себебі алғышқы еңбек дағдыларынан мінез – құлық қалыптасады – деп сөзін аяқтады.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту жөнінде балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөз алды. Елбасымыздың сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек деген тапсырмасын сөзге тиек еткен едім. Биыл 3 – ші жыл іздену, даму, еңбектену жұмыстарының бірде – бір еңбектену педагог тоқтатпасын. Ізденіп жұмыс жасайық, жаңа технологияны меңгеруге ұмтылып, қызықты етіп, педагогикалық үдірісте балалар жалықпайтын, ықыласын арттыратын әдіс – тәсілдерді меңгеруге, жүргізуге бет бұру керектігін атқанмын. Жаңа оқу жылына шығармашылық тақырыптарыңызға ерінбей материалдар іздеп, жинақтап жаңа тұрғыда байланыстар тауып ендіруді тапсырамын. Бекітілген тақырыптармен жүргізуде табыстар тілеймін.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның бекітілген жылдық жоспары, күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бойынша оқу тәрбие жұмысының жүйелі жүргізілуіне бақылау жасау әдіскер Ш. Тунгатароваға жүктелсін.
2. Топтарда санитария – эпидемиология талаптары толық сақталсын. Балалар денсаулығын тексеру қорытындысы қанағаттанарлы деп бағалансын.
3. Балалардың мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру жұмыстары сапалы ұйымдастырылсын.
4. Тәрбиешілердің шығармашылық жоспарлары бекітілсін. Тақырыптарына сай ізденіп, материалдар жинақтауды жалғастырсын. Жауапты тәрбиешілер.

Педагогикалық кеңес төрайымы



М.Бибосынова

Хатшы:

Е. Ишматов

Денсаулық білім саласы:

Мақсаты денсаулықты сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың толық қанды денесін және психикасын дамытатын, ағзаны шынықтыратын, негізгі қимылдарды дамытатын жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады. Қимыл қозғалыс белсенділігін арттыруда ұлттық ойындарды пайдалану. Тәрбиеленушілердің психикалық және физиологиялық денсаулығын күшейту және қорғау жөнінде жұмыс жүйесін, салауатты өмір салтын жетілдіру.

ҚР – ның «Білім туралы Заңын», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мемлекеттік стандарт» ережелерін негізге ала отырып оқу тәрбие жұмысын жүргіземіз.

Әрбір педагог балабалардың жас ерекшелігін ескере отырып осы мақсаттарға жетуде еңбек етеміз және бекітілген күн тәртібін сақтап, кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізіледі – деп сөзін аяқтады. Сондықтан осы айтылғандарды құптаймыз, жылдық жоспарға алып қосарымыз жоқ десеніздер бекітейік.

2021 - 2022 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

Бес білім беру саласы бойынша оқу қызметіне құрылған перспективтік жоспар туралы жалпы түсіндіріп айтып шықты:

Барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылды. Күн тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 3 кестесіне сәйкес құрылды (материалдары қосымша беріліп отыр). Барлық топ тәрбиешілері тақырыптық жоспарымен таныстырып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі екінші мәселеде топтарда санитарлық – эпидемиологиялық талаптарды орындау, бала денсаулығын тексеру қорытындысына сараптама жасалды. Бұл мәселеде сөзге шыққан балабақша медбикесі З.Барболова топтарда, балабақшада санитарлық – эпидемиологиялық талаптардың сақталуы және бала денсаулығын тексеру қорытындысы туралы айтып шықты. Ол сөзінде эпидталаптарға көп көңіл бөліп, күнде талапқа сай жұмыс жүргізіліп отырғанын айта келе маска – бет пердесіз жүрмеу, арақашықтықты сақтау, антисептиктерден жиі пайдалану т.с.с.жұмыстарды қатаң қадағаланып жатқандығын, талаптарды орындауда кемшіліктерге жол бермеу туралы айтып өтті.

Бала денсаулығын тексеру қорытындысын сарапқа салды.

Кеңес мүшелері сараптау қорытындысын қанағаттанарлы деп бағалауды ұсынды. Бала денсаулығына балабақша қызметкерлері әрдайым назар аударып жүруі керек деген қорытынды сөзбен өз сөзін аяқтады.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі М.Бибосынова Мектепке дейінгі жастағы балалардың мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру тақырыбында тәрбиешілерді пікір алмасуға шақырды. Пікір білдіргендер: тәрбиеші Л.Галеева. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде өмірдегі барлық материалдық және рухани байлық үлкен адамдардың еңбегімен келетінін, оны өздері күнделікті пайдаланып жүргендерін нақты мысалдар келтіріп түсіндіретінін айтты. Үлкендердің білімі мен еңбегінің арқасында біздің шаттық өміріміз қамтамасыз етілді, әсіресе біздің балабақшамыздағы аспазшы, тәрбиеші, дәрігер, күтуші, кір жуушының еңбегін бақылап, түсіндіремін. Оны құрметтеп, сыйлау керектігін балалар үйреніп түсінеді – деп сөзін аяқтады.

Балабақша психологі А. Исмаилова сөз алып, психология ғылымы да баланаң айналадағы болмысты дұрыс түсінуі мектеп жасына дейінгі жаста қалыптасатын, жан – жақты жастайынан – ақ үлгі алатын дәлелдейтінін. Бірақ бұл өзгерістер өзінен – өзі емес, мақсат көздеген ұйымдастырылған оқу тәрбие кезінде іске асатынын айтып өтті. Әдіскер Ш. Тунгатарова үлкендердің еңбегін сыйлау, сөзін тыңдау, құрметтеу, қамқорлық жасау сияқты балалардың іс – әрекеттерін ұйымдастыру, бұл көрініс жақсы (жаман)

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 10.11.2021ж.

Қатысқандар саны -
Меңгеруші -
Әдіскер -
Тәрбиешілер -

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Еңбек іс – әрекетіндегі баланың дамуы» Баяндама.
3. Тәрбиешілердің жеке тұлғасын қалыптастыру жағдайлары.
4. Тәрбиешілерге арналған «Іскерлік ойын»

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде сөз қозғап, атқарған істерге қанағаттанарлық деген баға берілді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Балабақша әдіскері Ш. Тунгатарова «Еңбек іс – әрекетіндегі баланың дамуы» атты баяндама оқыды. Мектепке дейінгі балалардың еңбегі ойынмен тығыз байланысты. Бұл өзара байланыс әртүрлі формада балалар еңбегінің нәтижесі көрінеді: ойын ересектердің еңбегін бейнелейді; ойын өзіндік ерекшеліктерінде еңбек іс – әрекеттерінің элементтері көрінеді; еңбек қызметі болашақ ойын үшін істеледі; ойын әрекеттері еңбек процесіне енгізіледі.

Ойындарда ересектердің еңбек әрекеттерін бейнелеу арқылы балалар олардың еңбегіне дұрыс қарауға дағдыланады, жолаушыларға ұқыпты қарайды, тамақтың дәмді болуының өамын жасайды және т.с.с. Мектепке дейінгі бүлдіршіндер бұл ретте нақты еңбек әрекеттерін жасамайды; олар машина айдаған, тамақ пісірген сақтанады. Ересек топ балалардың ойындарында еңбектену қажеттігі үстел бойында өзі тамақ ішкен ыдысты жуу, қуыршақ қызын шомылдыру немесе оның кірленген көйлегін жуу қажеттігі жиілейді. Мұндай ойын балаларды нақты еңбек әрекетіне итермелейді. Мектепке дейінгі сәби балалардың еңбек іс – әрекетіне және нәрсе іс – әрекет процесінің өзіне қызығу. Мысалы: бала өсімдікті суғарасала, оған қайта су құя бастайды; үстел үстіне әр балаға қасық қойған соң, екінші рет тағы қоя бастайды. Балалардың еңбек қызметіне жеткілікті жерде ол көпке дейін балаға жәй ғана қызық әрекеттердің дәрежесінде қалып қояды. Тәрбиешінің ықпалымен балаларды бірте – бірте алдына мақсат қою, өз қызметін алдын – ала жоспарлау және ұйымдастыру, істі нәтиже алғанға дейін жеткізу қабілеттері дами бастайды.

Еңбек дағдысына үйрету барысында тәрбиеші балалардың шамасы келетін нәрсенің бәрін өз бетінше дербес орындау, ынтасын қалыптастыру, қажет болғанда дереу барып көмектесіп отырады.

Өзіне – өзі қызмет көрсету өзін күтуге (жуынуға), шешінуге, киінуге, төсегін жинауға, ойнайтын орнын әзірлеуге және т.с.с. бағытталған.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі үшінші мәселеде балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде әдетте адамның жеке басының қасиеттері 5 жасқа дейін қалыптасатынын ескере отырып, бала бойында жақсы қасиеттерді анықтадық. Балалың жан – жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білуіне арналған жұмыстар деңгейі қанағаттанарлық. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің болып жатқан өзгерістерді, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Балалардың жан - жақты дамуын төмендегіше анықтауға тырысады. Бірінші баланың тілінің даму көрсеткіштері.

1. Баланың жан – жақты дамып жеке тұлғасының қалыптасуына тілін дамыту арқылы жасалған жұмыстар: Балаларды көркем сөздерге үйрету, мақал – мәтелдерді жаттай білу, тапқартарды тез жаттау. Бұл жұмыстарды сурет арқылы мақал құрастыру, әдемі сөздер, сурет арқылы тапқак жаттау, дидактикалық ойындарда 50%, жақсы нәтиже көрсетті, жақсы жаттыққан.
2. Бала қиялын дамыту арқылы ТРИЗ элементтерін пайдаланып балаларға сұрақтар қойылды. Мысалы: «Сен бақылаған зат болып қалсан?» Мен қарлығаш болсам, Астанаға ұшып барар едім. Балаларды сұрақтар арқылы қиялдауға үйретсе, екінші туған елінің табиғатын сүйетін адамның тұлғасы қалыптасады. Балалардың 40% ойынға жақсы қатысады.
3. Дәстүрден тыс әдістерді сурет салуда пайдалану жұмысы аз жобаланған. Балаларды бейнелеу өнеріне баулуда «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» - балалар көрмесі өткізіледі. Балалар өз жұмысынан көркемдік рахат алып, келесі ұйымдастырылған оқу қызметтеріне белсене қызығушылықпен қатысады. Балалармен дәстүрден тыс әдістермен шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары өте аз. Топтағы мүсіндеуге үйрету жұмыстарынан, балалар жұмыстары талапқа сай болуы керектігін атап айтып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша психологі А. Исмаилова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде тәрбиешілерге тәрбиешілерге арналған іскерлік ойынын ойнатты. Іскерлік ойын тақырыбы «Өз мамандығыңды тани білесің бе?»

Мақсаты: Қазіргі заман тәрбиешісінің әлеуметтік – психологиялық мәдениетін жетілдіру, тәрбиешілердің педагогикалық рефлексиясын дамыту. Шығармашылыққа, іскерлікке, бастамшылдыққа ынтасын дамыту. Өзін – өзі тануға, педагогикалық ізденімпаздылыққа қызығушылығын тәрбиелеу. Балабақшадағы әдістемелік жұмыстың перспективасын анықтау.

Ойынды өткізу мақсатында жүргізуші а. Исмаилова педагогтардың тапсырмаларын айқындап берді. Онда 4 тапсырма қатысушыларға берілді, тапсырманы орындаған соң, тәрбиешіге тапсырманың жауабын және сол уақытта оқыған әңгіменің мазмұнына қайтадан айтып беруін сұрады. Іскерлік ойыны қызықты, әрі тартысты өтті.

ШЕШІМ:

1. Өткен педкеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлы деп бағалансын.
2. Еңбек іс – әрекетіндегі баланың дамуы атты баяндама әдіскер Ш. Тунгатароваға жүктелсін.
3. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын қалыптастыру жағдайындағылардың анықталған кемшіліктер толықтырылсын.
4. Психолог А. Исмаилованың «Өз кәсібінді тани білесің бе?» атты тақырыбында өткізілген іскерлік ойыны қанағаттанарлы деп бағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



М.Бибосынова

Хатшы:

Е.Ишматов

№ 3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 05.01.2022ж.

Қатысқандар саны -
Менгеруші -
Әдіскер -
Тәрбиешілер -

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Рухани жаңғырудың жаңа жолы» Баяндама.
3. Балалардың бейнелеу оқу қызметіне деген қызығушылық деңгейінің қалыптасуы.
4. Жарты жылдық мониторинг.
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөз алды. Ол өз сөзінде «өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» - демекші, бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сондықтан қазіргі балабақшамыздың мақсаты – табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің ашылуына қолайлы жағдай жасау. Ендеше білім беру саласындағы басты міндет ұлттық ерекшеліктерді есепке ала отырып, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісін жетілдіру, жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша психологі А. Исмаилова өздеріңіз білесіздер Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын үлкен ауқымда жариялаған болатын. Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт – санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Елбасымыздың мақаласын оқып шығып, осындай ой түйдім. Оның айтуынша, бұл ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиелеуі тиіс.

Ол үшін ілім – білімге ұмтылып, жан - жақты жетілген жөн. Аймағымыздағы келер ұрпақтың алдындағы ардың ісін арқалап жүрген зиялы қауым Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын ықыласпен түйсіне оқығаны анық. Олай дейтінім, мақалада «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген жолдардың астарында үлкен мағына жатыр. Шынында да рухы биік азаматтары бар елдің іргесі мәңгілік болары хақ. Шындығында ұлттық рухы, руханияты жоғары, мәдениеті озық ел көп нәрсеге қол жеткізетіні анық. Және ұлттық бірегейлікті сақтау ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін қажет етеді. Елбасы ұлттық мәдениетті сақтай отырып жаңғыру және ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту қажет екенін қазақстандықтардың түсіне білуі керек екендігін баса айтады.

Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен

талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай - талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік.

“Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар калан!”- деп Ұлы ақын Абай атамыздың сөзімен аяқтады.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі үшінші мәселеде балабақша әдіскері Ш. Тунгатарова сөз алды. Ол өз сөзінде мектепке дейінгі ұйымда балалардың бейнелеу өнеріндегі шығармашылығын дамыту әрекеті оқу мен тәрбие үрдісі өзара тығыз байланысты жүргізілгенде ғана жүзеге асады. Балаларды бейнелеу өнерінің әдіс-тәсілдеріне үйрету – эстетикалық тәрбиенің ең басты міндеті болып есептеледі.

Бала ес біле бастағаннан-ақ өзі жете түсінбес жарқын, тартымды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды, мәселен, жылтыраған ойыншықтарды, әдемі гүлдер мен заттарды көрсе қуанады. Осының бәрі оның рахаттану, қызығу сезімін туғызады. Жиі ән, ертегі тындап, суреттерді қараған балалардың өнері қуаныш сезімдерінің кайнар көзіне айналады. Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын, әсем атаулының бәріне жәй ғана ұмтылып қана қоймай, сұлулықты жан дүниесімен қабылдайтын болады.

Бейнелеу өнері балалардың эстетикалық сезімін, көркемдік талғамын оятып, шығармашылық қиялын дамыту үрдісін белгілі жүйеде көрсетеді. Бейнелеу әрекеті үрдісінде балалар бірқатар іскерліктер мен дағдыларды меңгереді, заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренеді. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жетістіктері – шығармашылықтың нәтижесі. Әр жас ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткізген жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Бейнелеу өнерінде балалардың сурет салуға, өнерді қабылдауы тұрғысынан білім деңгейлерінің әр сатылы болуына байланысты сурет салуға мүмкіншіліктерін анықтай отырып, сапалы білім беру қажет.

Тәрбиеші баланың сұлулықты қабылдауынан бастап, оған эмоциялық жауап қату, оны түсіну, эстетикалық ұғым, эстетикалық пікір, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға дейін жетелеп отыруы тиіс.

Көрнекті педагогтар К.Д. Ушинский, Б.І. Алтынсарин, А.С. Макаренко шығармаларында қабілеттерді дамытудың жолдары қарастырылса, бала шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М. Жұмабаев болатын.

Бейнелеу өнері – көркемдік талғам қалыптастырудың өзекті құралы ретінде баланы өз халқының эстетикалық мұраларын игеруіне, халық өнерінің айшықты туындыларынан ләззат алуға, рухани дамуына және халық талантын қастерлеуге, сүйе білуге баулиды.

Мектепке дейінгі кезеңнен шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда бейнелеу өнері әрекетінің орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалардың ең сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру кезінде заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жаңа оймен бере білуге дағдыланады.

«Баланың икемділігі мен дарынының кайнар көзі-оның саусағының ұшында» деп

В.А.Сухомлинский айтқандай, баяндамады қорытындылай келе айтарым: мектеп жасына дейінгі оқыту үрдісінде бейнелеу өнері жұмыстарында жаңа технологияларды тиімді қолданып, балалардың шығармашылық қабілетін одан әрі жетілдіру керек екендігін атап айтты.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібінің төртінші мәселесі балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөз алды. Ол өз сөзінде I – ші жарты жылдық мониторинг қорытындысы жасалынды. Әр топта балалардың білімін бағалау жүйесі бойынша I – ші жарты жылдық мониторинг қорытындысын шығарып есептеп шықты. Әр тәрбиешінің өз тобына жасалған мониторинг бойынша жалпы балабақша қорытындысы шықты. Меңгеруші М.Бибосынова II – жарты жылдық мониторинг бұданда жақсы нәтижеге жету үшін аянбай еңбек етулерін тәрбиешілерге түсіндірді. Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша ашық ұйымдастырылған оқу қызметі талқыланды.

ШЕШІМ:

1. Өткен педкеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлы деп бағалансын.
2. «Рухани жаңғырудың жаңа жолдары» баяндамашы А. Исмаиллова жүзеге асырсын.
3. Балалардың бейнелеу оқу қызметіне деген қызығушылын тәрбиешілер арттырсын.
4. Ашық оқу қызметіндегі кемшіліктер жойылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы



М.Бибосынова

Хатшы:

Е.Ишматов

№ 4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 02.03.2022ж.

Қатысқандар саны -
Менгеруші -
Әдіскер -
Тәрбиешілер -

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Балалардың тіл және сөйлеу мәдениетін арттыру сауалнама.
3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талдау.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша менгерушісі М.Бибосынова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде сөз қозғап, атқарған істерге қанағаттанарлық деген баға берілді.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері Ш. Тунгатарова сөз алды. Ол өз сөзінде тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі ерекше екені мәлім. Өйткені тіл – адамның бір – бірімен пікір алысып, қары – қатынас жасайтын құралы. Тіл адам қоғамына тән. Ол қоғамдағы еңбек процесіндегі қажеттіліктен, мұқтаждықтан келіп туған. Тіл мәдениетін игеру баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл ой дамуымен бір тұтас жүреді. Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан теңіз. Ол жаңа өскен балауса буынының сана – сезімін оятып, ақыл – есін дамытатын, адамгершілік моральға тірбиелейтін өмір оқулығы. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең, тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай – ақ мақал – мәтелдермен, жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айтуға, тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл – ойының жетілуіне әсірін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отаның, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені балалар кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еңбекке, ерлікке құлшынып өседі.

Бала тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтау;

Сөз сөйлем, өлең жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызып дыбыстарды үйрету.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданатын әдістерге тоқталатын болсақ;

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
 2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
 3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
 4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.
 5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.
 6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.
- Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс - әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл - ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті.

Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін. Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт - бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын. Баланы өз баламыздай жақсы көріп, білгенімізді олардың санасына құю, жеткізу тәрбиешінің алға қойған мақсаты. Сол мақсатқа жету үшін талмай, қажымай еңбек етуге міндетіміз.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша ашық ұйымдастырылған оқу қызметі талқыланды.

ШЕШІМ:

1. Өткен педкеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлы деп бағалансын.
2. Балалардың тіл және сөйлеу мәдениетін сауалнама дайындалсын.
3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі қанағаттанарлық.



Педагогикалық кеңес төрайымы

М.Бибосынова

Хатшы:

Е.Ишматов

№ 5 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 18.05.2022ж.

Қатысқандар саны -

Менгеруші -

Әдіскер -

Тәрбиешілер -

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындауы
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беруі.
3. Қорытынды мониторинг.
4. Жазғы маусымға арналған іс – шаралар жоспарын бекіту.
5. Педагог – психологтың есебі.

Дөнгелек үстел: «Педагогикалық сандықша»

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Б. Утеулиева сөз алды. Ол өз сөзінде балабақша педагогтары жұмыстары қанағаттанарлық, балалардың білімдері жүйелі өткізіп жүрген оқу қызметі арқылы жетілдіруде. Балаларға қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы бойына жарақат алу жағдайынан саналы түрде бойына аулақ ұстауға, туындауы мүмкін қауіпті жағдайлар бойынша білім берілуде. Балаларға топта және балабақша дәлізінде жүру ережелері үйретілді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: балабақшаның ортаңғы топ тәрбиешісі К.Исмаилова сөз алып, сөйледі. Ол өз сөзінде шығармашылық тақырыбына есеп берді. Саусақ ойындары арқылы балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту. Қарапайым жаттығуларды жасауда өленмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне – өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: қасық пен қарындаш ұстау, түйме тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Өмірінің бастапқы кезеңінде баланың ұсақ қол моторикасы қалай дамып жатқандығын, жеке интеллектуалды қабілетін байқауға болады. Қасықты, қарындашты ұстай алмайтын, түймесін түймелей алмайтын және бәтенке бауын байлай алмайтын балалардың қолының кіші моторикасы нашар дамыған болып есептеледі. Олар шашылған конструкторларды жинау, пазаламен жұмыс жасау, есептегіш таяқша және мозаикамен ойнау өте қиын. Олар басқа балалармен ойнаудан бас тартады, осы қызметтегі жұмыс жасағанда үлгермейді. Мұндай балалар элементарлы қызметтің өзінде өздерін нашар сезінеді және бұл жағдай баланың эмоциясын мен өзін – өзі бағалауға кері әсерін тигізеді. Балалардың тілін және қол қимылын дамыту жолдары туралы өзі қол жеткізген табыстарын баяндап өтті.

Сөйлегендер: балабақша меңгерушісі М.Бибосынова тәрбиеші К.Исмаилованың жұмысын қанағаттанарлық деп қабылданды.

тоб тәрбиешісі К.Мирбекқызы шығармашылық «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ойын технологиясының маңызы» атты тақырыбына есеп берді.

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып
оның шығармашылық қабілетін дамытады,
ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес»

В.А Сухомлинский.

Жаңа қоғамға лайықты тұлғаны қалыптастыруда баланың жасын, даму ерекшелігін, айрықша қабілетін ескере отырып, ақыл-ой, еңбек, дене, эстетикалық тәрбие, сапасын жақсарту қажет. Баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа технологиялар қызықтырады. Бала тәрбиесінде жаңа технологияны қолдану – баланы жан-жақты терең ашуға, оған бағыт бағдар беріп жағымды әсер етуге, зейінін көтеруге, белсенділігін арттыруға септігін тигізеді. Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгеріп отырып олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін, кеңейту, сана сезімін, таным қабылдау әрекетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет. Осыдан келіп ойын туралы мынандай тұжырым жасалады:

а) ойын – тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді.

ә) ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

б) ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

в) эстетикалық тәрбие беру – өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады.

г) еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

д) дене күшінің жетілуіне көмектеседі-ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады.

Тұжырым: Ойын-тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді. Ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді, дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: Балабақша меңгерушісі М.Бибосыновасөз алды. Ол өз сөзінде ресурстар өте аз көбейту керек және ашық түстерді қолдану керектігін атап айтты. Кіші топ тәрбиешісі Ж.Шермаганбетова «Ойын арқылы балалардың тілін, сөздік қорын дамыту» атты шығармашылық тақырыбына есеп берді.

Сәбилердің дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Балабақшада балаларды дұрыс сөйлей білу мәдениетіне айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен теңестіру арқылы жүзеге асыруға болады. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың қиялын шарықтатып, ойлау қабілетін ұштауға болады.

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Сөйленгендер: балабақша меңгерушісі Б. Утеулиева сөз алды. Ол өз сөзінде, ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Сондықтанда ҰОҚ – де және күннің екінші жарты күнінде көбірек ойын түрлерін қолдану керек.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Ш. Тунгатарова сөз алды. Ол өз сөзінде біздің балабақшада ортаңғы тобында математика негіздері оқу қызметіндегі балалар жетістігі жақсы деп есептеймін. Дене шынықтыру оқу қызметінде балалар қимыл әрекеттерді меңгерту керекті құралдарды түгелдеу қанағаттанарлық. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет оқу қызметтерінде, балалар тақпақ жаттап айтуы, жыл басындағымен салыстырғанда жақсы, жылдам жаттай алады. Кіші тобында сурет салу және мүсіндеу оқу қызметі балалардың 50% жақсы орындай алатын болды. Балабақшадағы топтар музыка оқу қызметінде күйлер, музыка жанрларын ажырата алатын нәтижеге жетті.

Балабақшадағы ересек, ортаңғы және кіші топтары қорытынды мониторингте II – деңгей көрсеткіштер көрсете алды.

Сөйлегендер: балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөз алды. Ол өз сөзінде бастапқы мониторинг бойынша көрсеткіш баға II – деңгей.

Қорытынды мониторингте баға III – деңгей.

Тәрбиешілер жұмысында алға ілгерушілік көрініп тұр. Мен әріптестерімді жұмысындағы жақсы нәтижелерімен құттықтаймын және балабақша жұмысын қанағаттанарлық деп есептеймін. Барлық ұжым мүшелері қуана құттықтайтындықтарын білдірді.

ТЫНДАЛДЫ: балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөз алды. Ол өз сөзінде жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылады және тәрбиешілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін, қызығушылығын дамытуға бағытталды. Балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамытуымыз балалардың спорттық іскерліктерімен машықтандырып дамыту және қимыл қозғалыс белсенділігін арттырамыз.

Балалардың көтеріңкі көңіл – күйін туғызу керек.

Сөйлегендер: балабақша әдіскері Ш. Тунгатарова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл – қозғалыс белсенділігін арттырамыз, спорттық ойындарға, ойын сауықтарға үлкен үлкен мән бергендеріңіз жөн.

Сөйлегендер: балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөз алды. Ол өз сөзінде жазғы сауықтыру жұмыстарына қарап, тексеріп, дайындаған жазғы сауықтыру іс – шараларына қанағаттанарлық деген баға беріп, іс – шараны бекітті.

ТЫНДАЛДЫ: Балабақша педагог - психологі А. Исмаилова сөз алып, ол өз сөзінде психологиялық қызметке дұрыс әлеуметтік сұранысты қалыптастыру мақсатында және балабақшаның тәрбие беру ортасында арнайы жағдайда қалыптастыра отырып, баланың психологиялық дамуын жақсарту мақсатындағы міндеті балалардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру, балалардың дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау, балаларды индивидуалды және жас ерекшелігіне сәйкес келуі, негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру, көңіл – күйлерін ұйымдастыруға қатысу, педагогикалық ұжымды және ата – аналарды психологиялық ағарту арқылы, сұраныс иелерін, психолог жұмысының түрлерімен, ақыл – кеңестермен, бағыттарымен құқықтары және міндеттерімен таныстыру арқылы, педагогикалық ұжымды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру болып табылады.

2021 – 2022 оқу жылының жылдық жұмысына есеп берер болсақ, көптеген істердің атқарылғандығы көрсетеді.

Қыркүйек айынан бастап 6 топпен жұмыс жасадым. Жылдық жоспар, айлық жоспар және күнделікті жоспар құрдым.

Технологиялық ойын арқылы балалардың «ойынды» әртүрлі ережелерді сақтауға

үйрету, балаларды біріктіру, өзара сенім жағдайын құру мақсатында, коррекциялық түзету

– дамыту жұмыстары жүрілді.

Балабақша ата – ана байланысын қарым – қатынас анықтау мақсатында, балабақшада ата – аналар жиналысы ұйымдастырылып отырды. Кіші топ ата – аналарына «баланың балабақшаға бейімделуі» туралы, яғни үйдегі баланы балабақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата – аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылды. Балабақшада ата – аналарға арналған сауалнама жүргізіліп, нәтиже шығарылды.

Педагогтар арасында темперамент типін анықтау мен өзінің психологиялық ішкі дүниесінің күйі мен қоршаған ортамен қатынасын анықтау мақсатында жыл бойы әдістемелер жүргізіліп, нәтиже шығарылып, кеңестер берілді. Түрлі ұйымдастырылған педагогикалық кеңестерде сөз алып, түрлі пікір алмасулар ұйымдастырылды.

Психологиялық ұйымдастырылған оқу қызметтері туралы қысқаша мағлұмат беріп өтті. П.П.Блонский былай деген:

«Ақыл әрекеті ойдың дамуына негіз болады.

Ақыл әрекетінің дамуына ойын негіз болады» - қорыта келе педагогтар арасында

«Педагогикалық сандықша» ойынын өткізілді.

Тәрбиешілерге оқу жұмыстарынан сұрақтар қойылды. Тәрбиешілер бірлесе отырып шешімдерін айтты.

ШЕШІМ:

1. Өткен педкеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлы деп бағалансын.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары пайдалансын.
3. Қорытынды мониторинг жасалып және тапсырылсын.
4. Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары бекітілсін, жазғы сауықтыру жұмыстары жүргізілсін.
5. Педагог – психолог А. Исмаилованың 1 жылдық атқарған жұмыстары жөнінде айтып өтсін.



Педагогикалық кеңес төрайымы

М. Бибосынова

Хатшы:

Е.Ишматов